



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 33 БАС ПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2005 жылғы 17 қазан  
Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 14 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>8 187,9</b>	<b>8 124,4</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 288,8	7 288,8
Алтын	899,1	835,6
<b>Ақша базасы, млрд. теге</b>	<b>626,4</b>	<b>626,4</b>
KZT/USD (кезең аяғында)	<b>133,85</b>	<b>130,00</b>
Алтынның бағасы (1 трой үнциясы үшін USD-мен)	<b>471,25</b>	<b>438,00</b>

\* 2004 жылдың аяғындағы теңгегенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы қазаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,4%-ға (немесе 115,0 млн. долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валютарында валюта сатып алуына, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуіне қарамастан, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату таза валюта корларының (ЕАВ) 112,7 млн.долларға азаюына әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,5%-ға төмендеуі нәтижесінде 2,3 млн. долларға азайды.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 839,3 млн. долл.) қоса алғанда 14 033,1 млн. долл. болды. Откен айға өсімі 1,2 % болды.

2005 жылғы қазаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы ақша базасының 2,5%-ға (немесе 15,9 млрд. тенгеге) тарылуына себепші болды.